


Геологиялық қималар арқылы  
геологиялық құрылымды анықтау.  
Геологиялық қималардың маңызы.

# Геологиялық қима

- ▶ Геологиялық қима — нақтылы өңір қойнауларының тік жазықтықтағы ерекшеліктерін көрсететін сызбалы кескін.



Геологиялық қима жасы, құрамы, әр түрлі тау жыныстарының созылымына көлденең тартылған түзу не сынық сызық бойымен салынады. Геологиялық қима картаға түсіру кезіндегі байқаулар, тау кен қазындылары мен бұрғылау ұңғыларынан алынған деректер, геофиз. зерттеулер т.б. нәтижесінде жасалады. Ол тау жыныстарының астасу ерекшеліктерін, көнелігі мен құрамы әр түрлі жыныстардың өзара қатынас мөлшерін, геол. денелердің пішіндері мен олардың қалыңдығындағы өзгерістерді, қатпарлануы мен жыртылып ажырау сипаттарын, әр түрлі таскелбеттер (фация) және олардың бір-бірімен алмасу заңдылықтарын көрсетеді. Геологиялық қиманың масштабы геол. картаның масштабына сәйкес болады, алайда кейбір өндірістік тұрғыдан маңызды деген алқаптардың Геологиялық Қимасы ірірек масштабта салынады. Қиманың тік және жазық бағыттардағы масштабтары бірдей немесе әр түрлі болады. Кейбір жағдайларда (инженерлік геологияда) қиманың тік бағыттағы масштабы оның жазық бағыттағы масштабынан көп есе артық болуы мүмкін. Геологиялық қимадағы геол. денелердің жай-жапсары арнаулы шартты белгілермен көрсетіледі.

- ▶ Координаттар мен биіктіктер жүйесінде анықталған геодезиялық тірек торларының нүктесі. Геологиялық қима центрінің координаттары (абсцисса, ордината және абс. биіктігі), сондай-ақ, бағдарлау пунктіне бағытталған дирекциялық бұрыштардың мәндері геодезиялық каталогтарда сақталады. Координаталары триангуляция әдісімен анықталатын геологиялық қима триангуляциялық пункт деп, ал полигонометрия әдісімен анықталатын пунктті полигонометриялық пункт деп атайды. Геологиялық қима биіктіктері нивелирлеу арқылы анықталады. Геодезиялық тор құрайтын геологиялық қима жер бетінде жүргізілетін әр түрлі топогр. зерттеулерде, инж. жұмыстарда қолданылады



Бұнда көрсетілетін мәліметтер:

тау жыныстарының астасу ерекшеліктері;

көнелігі мен құрамы;

әр түрлі жыныстардың өзара қатынас мөлшері;

гидрогеологиялық жағдайы;

Геологиялық қима геологиялық карта немесе бұрғылау деректері бойынша жасалып, геофизикалық зерттеулер нәтижесінде кеңінен пайдаланылуы тиіс